

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

2013 ж. «18» сәуір
занды

тұлға мемлекеттік тіркеуден қайта еткізді
№ 152942-1910 - А2 күнелік

Алғашқы тіркеуден күні 1997 ж. «17» 12

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЯ ЮСТИЦИИ БОСТАНДЫСКОГО РАЙОНА
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ ДЕРЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИША

свидетельство № 152942-1910 - А2

Дата первичной регистрации «17» 12 1997 г.

БСН/БИН 971640002195



**«БІРЫҢГАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Казақстан Республикасы, Алматы қаласы, 2013 жыл

КЕЛЕСІ БЕТІН
ҚАРАНЫЗ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Бірыңгай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі -Қоғам) осы Жарғысы оның атаяын, орналасқан жерін, қызметінің мәні мен мақсаттарын, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оны қайта үйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның толық атаяу:

мемлекеттік тілде: «Бірыңгай жинақтаушы зейнетакы қоры» акционерлік қоғамы;
орыс тілінде: акционерное общество «Единый накопительный пенсионный фонд»;
ағылшын тілінде: Joint-stock company «Single accumulative pension fund».

3. Қоғамның қысқартылған атаяу:

мемлекеттік тілде: «БЖЗҚ» АҚ;

орыс тілінде: АО «ЕНПФ»;

ағылшын тілінде: JCS«SAPF».

4. Қоғамның атқарушы органдының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әуезов көшесі, 82-үй.

2-тарау. Қоғамның заңдық мәртебесі

5. Қоғам акционерлік қоғамның үйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға болып табылады, және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Коммерциялық емес үйимдар туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақстан Республикасында зейнетакымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Зандарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, осы Жарғыға, Қоғамның ішкі құжаттарына, Қоғам органдарының және лауазымдық тұлғаларының құзыреті шегінде белгіленген тәртіpte қабылданған шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

Қоғам органдары мен лауазымдық тұлғаларының белгіленген тәртіpte өздерінің құзыреті шегінде қабылдаған шешімдерінің осы жарғымен реттеу тәртібі айқындалмаған мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

6. Қоғам коммерциялық емес үйим (кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және алынған таза кірісті өзінің акционерлерінің арасында бөлмейтін) болып табылады және, сәйкесінше өзінің акциялары бойынша дивидендтер төлемейді және есептемейді.

7. Қоғам «Қазақстан Республикасында зейнетакымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылған.

Қазақстан Республикасында еткізілетін зейнетакы реформасын түсіндіру.

8. Қоғам қызметінің нысанасы міндетті зейнетакы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетакы жарналарын (2014 жылғы 01 қантардан), ерікті зейнетакы жарналарын тартуды және зейнетакы жинақтарын телеуді жүзеге асыру болып табылады.

9. «Қазақстан Республикасында зейнетакымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қоғамның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

10. Қоғам әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болды.

11. Қоғам дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атаяу көрсетілген мөрі болады.

12. Қоғамның рәмізі, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдерінде мөртәнбалары, фирмалық бланкілері мен басқа да деректемелері болады.

13. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысады.

14. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен ол орналасқан жерден тысқары орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ереже негізінде қоғамның атынан және қоғамның тапсыруы бойынша әрекет ететін филиалдар мен өкілдіктер құруға құқылы.

15. Қоғам қызметінің мерзімі – шектелмеген.

3-тaraу. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

16. Негізгі қызмет түрлері мыналар болып табылады:

- 1) міндettі зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыру;
- 2) міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыру;
- 3) ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыру;
- 4) зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асыру.

17. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ:

- 1) үшінші тұлғаның қарызына кепілдік беруге;
- 2) қызметінің негізгі түрлерінің бағытын өзгертуге құқығы жоқ.

18. Қызметті жүзеге асыру үрдісінде Қоғам:

1) міндettі зейнетақы жарналарын, міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарын тартуға;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен алушыларға зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға;

3) зейнетақы жинақтарын және төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асыруға;

4) салымшыға (алушыға) жылына кемінде бір рет, сондай-ақ оның сұратуы бойынша кез келген сұралатын күнге өзінің зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақы алмай ақпарат беруге және «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабында көзделген ережелерді ескере отырып, оның зейнетақы жинақтары туралы ақпаратқа қол жеткізуінің электронды және өзге де тәсілдерін қамтамасыз етуге;

5) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалауды, мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде зейнетақы активтері есебінен Қоғамның инвестициялық портфелінің құрылымы туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында жариялауға;

6) салымшыларға (алушыларға) жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметі мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызметтер көрсетуге;

7) салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпараттың құпиялышының қамтамасыз етуге;

8) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасын және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болуға;

9) салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарын «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен сақтандыру үйиміна аударуға;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы шарт жасасуға;

11) салымшының (алушының) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарын «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына аударуға;

12) бұқаралық ақпарат құралдарында уәкілетті орган белгілеген және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қаржылық есептілік пен аудиторлық есепті, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өзге де есептілік пен өзінің қызметі туралы ақпаратты жариялауға және өзінің интернет-ресурсында орналастыруға;

13) Қоғамның зейнетақы активтерін басқару жөніндегі кеңестің қарауы үшін Қоғамның қызметі туралы жыл сайынғы есепті ұсынуға;

- 14) өзінің барлық салымшыларына (алушыларына) тендей жағдайларды қамтамасыз етуге;
- 15) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары туралы «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» РМҚК ақпарат алмасуды жүзеге асыруға;
- 16) өзінің қызметінде сертификатталған жабдық пен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануға;
- 17) ақпарат сақтауға арналған резервтік орталығының болуы;
- 18) Қоғамның өз қызметінде пайдаланатын ақпараттық, коммуникациялық жүйелер мен технологияларды қоса алғанда, кемінде үш жылда бір рет бағдарламалық-техникалық қамтамасыз етү аудитін жүргізуғе;
- 19) ішкі аудит қызметінің болуы міндетті.
19. Қоғамға Салымшылардың құқықтары мен мұдделерін қорғау мақсатында:
- 1) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қызмет түрлерін қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;
- 2) зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген мақсаттарға пайдалануға;
- 3) өзінің қызметкерлеріне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын сомада көрсетілетін қаржы көмегін қоспағанда, Қоғамның меншікті активтері есебінен өтеусіз негізде қаржы көмегін көрсетуге;
- 4) зейнетақы және (немесе) меншікті активтерді кепілге беруге;
- 5) акциялардан басқа, бағалы қағаздарды шыгаруға;
- 6) қарыз қаражатын тартуға;
- 7) қарыздарды кез келген тәсілмен беруге;
- 8) кез келген түрдегі кепілдемелер мен кепілдіктерді беруге;
- 9) Қоғаммен еңбек шартын жасаспаған тұлғаларды жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметі мәселелері бойынша салымшыларға (алушыларға) өтеусіз консультациялық қызметтер көрсету бойынша міндеттерді орындау үшін тартуға;
- 10) уәкілдегі органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалар құруға және оның қызметіне қатысуға тыйым салынады.

4-тaraу. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

20. Қоғам барлық құқықтарға ие және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген барлық міндеттерге жауапты.
21. Жалғыз акционер Қоғамның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялар құнының шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.
22. Қоғам өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерді сатып алуға, сotta талапкер немесе жауапкер болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы. Қоғам белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тысқары жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы мекемелерінде үлттық, сол сияқты шетел валютасында, сондай-ақ металл шоттар ашуға құқылы.
23. Қоғам бухгалтерлік, салықтық және статистикалық есебін жүргізеді, жалғыз акционерге және тиісті уәкілдегі мемлекеттік органдарға белгіленген тәртіппен және белгіленген мерзімде қызметтің барлық түрлері бойынша бекітілген нысанда қаржылық және басқа да есептілікті жасайды және ұсынады. Қоғам жалғыз акционерге ұсынылған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығына жауапты.
24. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген ішкі құжаттарды әзірлейді және бекітеді.

25. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда көзделген басқа құқықтарға ие болуы және басқа да міндеттерге жауап беруі мүмкін.

5-тaraу. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері

26. Жалғыз акционер:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) қоғамның жарғысында көзделген тәртіппен қоғамды басқаруға қатысуға;

2) қоғамның қызметі туралы, оның ішінде оның қаржылық-шаруашылық қызметі және заңнаманың және листингтік ереженің талаптарына сәйкес оның нәтижелері туралы ақпаратты, соның ішінде егер сұратуда өзге мерзімдер белгіленбegen болса, Қоғамның сұратуды алған күнінен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей, құпия сипаттағы ақпаратты қоса алғанда, аффилииленген ұйымдардың белгіліндегі ақпараттарды алуға, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерімен белгіленген тәртіpte Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіpte жүзеге асырылады.

3) Қоғамның тіркеушісін немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

4) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

5) қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуда;

6) қоғам таратылған кезде мүліктің бір белгілінен;

7) қоғамның органдары заң нормалары мен қоғам жарғысын бұзатын іс-эрекеттер жасаған жағдайда, өзінің құқықтары мен занды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүргінуге;

8) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

9) өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге;

10) өзінің құқығы бұзылғаны үшін заңнамамен белгіленген тәртіpte өтемақы алуға құқылы.

Жалғыз акционердің осы тармақпен көзделген құқықтары түбекейлі болып табылмайды. Жалғыз акционер заңнамаға және осы жарғыға сәйкес басқа да құқықтарға ие болуы мүмкін.

27. Жалғыз акционер:

1) акцияларды төлеуге;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды қоғамның тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күнтізбелік күн ішінде хабарлауға;

3) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) заңнамаға сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

Жалғыз акционердің осы жарғының 2) тармақшасында белгіленген талаптарды орындауының салдары үшін қоғам мен қоғамның тіркеушісі жауапты болмайды.

6-тaraу. Акциялар және оларды орналастыру талаптары

28. Қоғам жай акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

29. Қоғам акцияларды қоспағанда, «алтын акциялар», артықшылықты акциялар, туынды және айырбасталатын бағала қағаздар, облигациялар және бағалы қағаздардың басқа түрлерін шығаруға құқығы жоқ.

30. Жай акция Жалғыз акционерге Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын шешімдерді қабылдауға құқық береді.

31. Қоғамның акцияларды шығару, орналастыру талаптары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

7-тaraу. Қоғамның мұлкі

32. Қоғамның мүлкі қоғам акцияларын төлеуге берген ақшаның, оның қызметінің нәтижесінде алынған кірістердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа тұсімдердің есебінен қалыптастырылады, және құны Қоғамның меншікті балансында көрсетілетін, негізгі қаражатты, ақшаны, қорларды, материалды емес активтерді құрайды.

8-тарау. Таза кірісті бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер

33. Қоғамның таза кірісі (салықты және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдерді төлегеннен кейін) тек қана қоғамды дамытуға жұмсалады.

34. Қоғам коммерциялық емес үйім болып табылғандықтан, өзінің акциялары бойынша дивидендтерді есептемейді және төлемейді.

9-тарау Қоғамның органдары

35. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – жалғыз акционер;
- 2) басқару органдары – директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – басқарма;

4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган – Ішкі аудит қызметі.

10 тарау. Жалғыз акционер

36. Қоғамда акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді. «Акционерлік қоғамдар туралы» (бұдан әрі - Зан), «Коммерциялық емес қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Зандарамен (бұдан әрі - Зан) және Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімделуге жатады.

37. Жалғыз акционер қаржы жылы аяқталғаннан кейін жыл сайын бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдауды тиіс. Көрсетілген мерзім қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

38. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Корпоративтік басқару кодексін бекіту, сонымен қатар оған өзгерістер мен толықтырулар;

3) қоғамды ерікті түрде қайта үйімдастыру немесе тарату;

4) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту туралы шешім қабылдау;

5) директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндептерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) Қоғамның Басқарма төрағасын сайлау, мерзімін белгілеу және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық үйімды белгілеу;

8) жылдық қаржы есептілігін бекіту;

9) қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

10) үәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда, қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де занды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де занды тұлғалардың қатысуышылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

11) Қоғамның жалғыз акционерінің құзыретіне жатқызылған, мәселелерді оның қарауына шыгару туралы Қоғамның жалғыз акционеріне хабарлау нысанын белгілеу және мұндай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында беру туралы шешім қабылдау;

12) қоғам акцияларды үйімдастырылмаған рынокта Занға сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне өзгерістерді бекіту;

13) жалғыз акционерге қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін белгілеу, оның ішінде, егер мұндай тәртіп Жарғыда белгіленбесе, бұқаралық ақпарат құралын анықтау;

14) шешім қабылдау Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

39. Егер Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және қоғам қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

40. Жалғыз акционер қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің құшін жоюға құқылы.

41. Қоғамның жалғыз акционері қарайтын мәселелер бойынша материалдарды дайындауды:

- 1) Қоғамның атқарушы органды;
- 2) Қоғамның Директорлар кенесі;
- 3) өзімен жасалған шартқа сәйкес қоғамның тіркеушісі;
- 4) қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

Жалғыз акционердің құзыретіне қатысты мәселелерді қарауға шыгару туралы хабарлама Жалғыз акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.

42. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Жалғыз акционерге мәселелерді шыгару бойынша шығыстарды Қоғам өтейді.

43. Жалғыз акционерге ұсынылатын ақпарат және материалдар жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелерге қатынасы бойынша жүйеленуі тиіс, және осы аталған мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдауға қажетті ақпарат болуға тиіс.

44. Жалғыз акционердің жыл сайынғы қарауына шығарылатын, мәселелер бойынша материалдарда:

- 1) қоғамның жылдық қаржы есептілігі;
- 2) жылдық қаржы есептілігіне аудиторлық есеп;
- 3) жалғыз акционердің қоғамның және оның лауазымды адамдарының әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 4) Директорлар кенесінің жылдық есебі кіретін Қоғамның жылдық есебі;
- 5) өзге құжаттар (бар болса) қамтылуы тиіс.

45. Осы бөліммен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес каралады.

11-тaraу. Қоғамның Директорлар кенесі

46. Занда және осы жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қоғамның директорлар кенесі қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

47. Директорлар кенесінің қызметі ақылға қонымдылық, тиімділік, белсенділік, адалдық, шыншылдық, жауапкершілік, дәлдік, кәсібиілік, объективтілік, жүйелілік қағидаттарына құрылады.

48. Директорлар кенесі қызметінің мақсаттары:

- 1) Жалғыз акционердің және салымшылардың (алушылардың) мұddeлерін іске асыру және құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;
- 2) Қоғам қызметінің қағидаттары мен нормаларын белгілеу;
- 3) Өз құзыреті шегінде Қоғам Баскармасының қызметін бақылау және Қоғам қызметінің оның құрылу мақсаттарына сәйкестілігін қамтамасыз ету болып табылады.

49. Директорлар кенесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;

- 2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) Қоғам акцияларының саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 5) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 6) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Төрағаны және Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 7) Қоғамның жоспарланған мақсаттарына жету және Корпоративтік әдеп және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен белгіленген іскерлік тәртіп және әдеп стандарттарын қолдануға қарай Қоғамның атқарушы органының қызметін бағалау;
- 8) Басшылар мен атқарушы орган мүшелерінің лауазымдық жалақысы мөлшерін белгілеу және еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттары;
- 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 10) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның қызметіне мониторинг өткізу үшін Директорлар кеңесі жаңынан (директорлар кеңесі мүшелерінің санынан) комитеттерді құру. Комитеттер Қоғам қызметтерінің түрлері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесімен құрылады және кем дегенде үш мүшеден құралуы қажет. Директорлар кеңесінің мүшелері қызметін бірнеше комитеттерде қоса атқара алады;
- 12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне акы төлеу мөлшерін айқындау;
- 13) қоғамның ішкі қызметін реттейтін, құжаттардың тізбесін бекіту;
- 14) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде Қоғамның акцияларын орналастыру шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 15) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 16) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген жағдайларда, қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;
- 17) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 18) Қоғамның меншікті капиталының бес және одан көп пайызын құрайтын шамаға оның міндеттемелерін ұлғайту;
- 19) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 20) Қоғамның меншікті капиталына қатысты ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде Қоғамның даму жоспарын, және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіpte, Қоғамның даму жоспарын орындау бойынша есебін бекіту;
- 22) Қоғамның есеп және салық саясатын бекіту;
- 23) Қоғамның өзінің акционерімен немесе өзге ұйымдармен, тікелей немесе жанама бақылайтын акционермен, Қоғам қызметіне анағұрлым ықпал ететін, алайда Қоғамның не еншілес, болмаса бірлескен кәсіпорындары болып табылмайтын бірлескен кәсіпорындармен,

ұйымдармен жасалған кез келген келісімді бекіту, егер мұндай келісім негізгі қызмет (зейнетақы) барысында және тараптардың тәуелсіздігі қағидаты бойынша жасалған болмас;

24) инвестициялар туралы шешімді үшінші тарапқа немесе үшінші тараптарға бекіту, егер мұндайлар негізгі қызмет (меншікті активтерді басқару) барысында жүзеге асырылатын болса;

25) өзінің қажеттілігі үшін сатып алынған, мұліктерді жалға беру;

26) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді және директорлар кеңесінің жекелеген саясаттарын бекіту;

27) Салымшылардың (алушылардың) активтерімен жұмысын ұйымдастыруды және зейнетақы активтерінің есебін регламенттейтін ішкі құжаттарды бекіту;

28) Акционердің айрықша құзыретіне қатысы жоқ Заңмен және (немесе) осы Жарғымен көзделген өзге мәселелер жатады.

50. Директорлар кеңесі:

1) мұдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Қоғам менишігін заңсыз пайдалануды және мұдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды адамдар мен жалғыз акционердің деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

51. Қоғамның директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңына сәйкес сайланатын кемінде үш мүшеден құралады, олардың әрқайсысы бір дауысқа ие. Мұндайда, Қоғамның директорлар кеңесі құрамының кем дегендे отыз пайзызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

52. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының Директорлар кеңесінің құрамына дауыс беру құқығымен тұрақты негізде уәкілетті органның өкілі кіреді.

Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) директорлар кеңесіне жалғыз акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

2) қоғамның акционері болып табылмайтын және директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар арасынан сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау Жалғыз акционердің шешімімен жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесін өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 және одан көп пайзызын құрайды.

Дауыстар саны тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

53. Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген талаптарға жауап бермейтін тұлға, сондай-ақ:

1) Өзге ұйымдардың бесеуден астам директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын тұлға;

2) Мына:

- Қоғаммен бәсекелесетін (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары); және/немесе
- Қоғам алдында қандай да бір төлемдері немесе басқа да міндеттемелері бойынша берешегі бар; және/немесе;
- Қоғаммен құқықтық дауға немесе сот процесіне тартылған Ұйымның қызметкері немесе лауазымды тұлғалары (егер директорлар кеңесі төрағасының ерекше келісімін алмаса) Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің төрағасына сайлана алмайды.

54. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінін;
- 2) қоғамның ішкі аудит қызметінің;
- 3) қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) жалғыз акционердің талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

55. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен еткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрагалық еткен адам және корпоративтік хатшы қол қоюға және онда:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;

5) дауысқа қойылған мәселелер және директорлар кеңесінің әр мүшесінің директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;

- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер қамтылады.

Директорлар кеңесінің шешімі директорлар кеңесіне қарауға шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылданады.

Белгіленген мерзімде алынған бюллетенъдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге және оған директорлар кеңесі төрағасының және корпоративтік хатшысының қолы қойылуға тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күнтізбелік күн ішінде директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетенъдердің көшірмелері қоса тіркеледі.

56. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъде:

- 1) қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъдерді берудің нақты күні;
- 4) директорлар кеңесі отырысының өткізілетін күні не директорлар кеңесінің отырысын өткізбей, сырттай дауыс берілетін дауыстар есептелетін күн;
- 5) директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;
- 6) егер директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінде басқарма басшысын және мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
- 7) дауыс берілетін мәселелердің тұжырымдалуы;
- 8) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс берудің «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген һұсқалары;
- 9) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру (бюллетенъді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі болуға тиіс.

Сырттай дауыс беру жолымен қабылданған директорлар кеңесі отырысының хаттамалары және директорлар кеңесінің шешімі Қоғамда сақталады.

Корпоративтік хатшы директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің қоғамның уәкілетті қызметкери қол қойып, қоғамның мөрі басылып куәландырылған үзінді көшірмесін беруге міндетті.

57. Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

58. Директорлар кеңесінің төрағасы Қазақстан Республикасының заңымен, осы Жарғымен және Қоғамның Корпоративтік басқару кодексімен белгіленген тәртіpte мынадай қызметтерді аткарады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген мерзімде және тәртіpte уәкілетті мемлекеттік органдарға Қоғамның есептілігін береді;
- 2) Қоғам атынан Басқарманың басшысымен материалдық көтермеленуі мен жауапкершілігі Қоғам қызметінің нәтижелеріне және Қоғамның Даму жоспары көрсеткішінің орындалына байланысты болуын қарастыратын енбек шартын жасасады;

- 3) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 4) Директорлар кеңесінің отырысын жүргізеді;
- 5) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді;
- 6) Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және төрагалық етеді;
- 7) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына қол қояды;
- 8) Қоғамның директорлар кеңесінің өз қызметтерін, оның ішінде отырыстың жүйелілігі мен жиілілігін орындаудың тиімділігін бақылайды;

9) Қоғамның (немесе корпоративтік хатшыдан) директорлар кеңесінің мүшелеріне негізделген шешімдерді қабылдауға қажетті толық және анық ақпаратты уақытылы беруін талап етеді;

10) Тұтастай директорлар кеңесінің қызметін жыл сайынғы бағалауды, сонымен қатар Қоғамның директорлар кеңесінің әрбір мүшесіне жеке баға беруді бақылайды;

11) Қоғамның жалғыз акционерімен тиімді өзара байланысты орнатады.

59. Осы бөліммен реттелмеген мәселелер Жалғыз акционермен бекітілген Директорлар кеңесі туралы ережемен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңына сәйкес реттеледі.

12-тарау. Қоғам басқармасы

60. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты қоғам қызметінің қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша шешім қабылдайтын, алқалы атқарушы органы басқарма жүзеге асырады, соның ішінде:

1) Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған шешімдерді қабылдайды;

2) Қоғамның басқа органдарының құзыретіне жатқызылатын мәмілелерді жасасу бойынша шешімдерді қабылдауды қоспағанда, Қоғамның атынан мәмілелерді жасауға шешімдер қабылдайды және ірі мәмілелерді жасасу мәселелері бойынша ұсынымдарды әзірлейді;

3) Қоғамның меншікті капиталының мөлшерінен бес пайызының азын құрайтын шамаға Қоғамның міндеттемелерін арттыру бойынша шешімдер қабылдайды;

4) бекітілуі жалғыз акционердің, директорлар кеңесінің және қоғам басқармасы терағасының құзыретіне жатқызылмаған, Қоғам қызметін ұйымдастыруға байланысты, Қоғамның ішкі құжаттарын бекітеді;

5) Қоғам қызметінің басымды және алдағы жоспарлары бойынша ұсыныстарды директорлар кеңесінің қарауына әзірлейді және ұсынады;

6) Қоғамның, соның ішінде филиалдардың құрылымын, штат санын және штаттық кестесін бекітеді;

7) жалғыз акционерге қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар береді, олардың жұмыстарын үйлестіреді және бағыттайтын;

8) Қоғамның есеп және салық саясатын директорлар кеңесінің бекітуіне әзірлеуді және ұсынуды қамтамасыз етеді;

9) Қоғамның ішкі құжаттарына және осы Жарғыға сәйкес директорлар кеңесіне және (немесе) жалғыз акционерге берілетін есептерді алдын ала макұлдайды;

10) шешімін қабылдау оның құзыретіне жатқызылған мәселелер мен құжаттарды жалғыз акционердің қарауына әзірлеуді қамтамасыз етеді;

11) Қоғамның жүйесін және жұмыс істеу қағидаларын белгілейді;

12) Қоғамның қаржылық жағдайының жай-күйін және тәуекелдерді басқару тиімділігін бақылауды жүзеге асырады;

13) Қоғамның ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

14) Қоғамдағы тиісті мотивация мен тәртіпті қамтамасыз етеді;

15) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

16) Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

17) әрбір тексеру қорытындысы бойынша ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебіне талдау жасайды және анықталған кемшіліктерді жою жөнінде тиісті шаралар қабылдау бойынша директорлар кеңесіне ұсыныстар береді;

18) есепті жыл ішінде құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының қызметіне баға беру тәртібін реттейтін, ішкі құжаттарды бекітеді;

19) қоғам жүргізетін операцияларға байланысты әлуettі және ықтимал тәуекелдерді сәйкестендіреді және бағалайды, тәуекелдерді басқарудың рәсімдерін қолданады, соның ішінде жүргізіліп отырған операциялардың жеке түрлері бойынша тәуекелдің жол берілетін мөлшеріне лимиттер белгілейді, қоғамның аталған лимиттерді сақтауы үшін бақылаудың тиімді шараларын қабылдайды;

20) жиынтық лимиттердің сақталуын тәуекел түрлері бойынша олардың ай сайынғы есебі негізінде бақылайды;

21) қаржы құралдарымен операцияларды жүзеге асыруға жауапты қоғамның бөлімшелері бойынша қаржы ресурстарын бөлуді, қоғамның директорлар кеңесі белгілеп жол берген лимитін сақтай отырып, оның ішінде тәуекелге және кірістілікке және қоғамның тәуекелі мен меншікті капиталына қатысты бақылайды;

22) қоғам бөлімшелерінің ықтимал және әлуettі тәуекелдерді басқарудағы саясатты сақтауын бақылайды, қоғам бөлімшелерінің олар үшін белгіленген лимиттер шегіндегі тәуекелдер мөлшерін сақтау мониторингін жүзеге асырады, меншікті капиталдың пруденциалдық нормативтерге сәйкестігін қамтамасыз етеді;

23) қоғамның шарт жасасу қатынастарын, Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарын, зейнетақы активтері есебінен қаржы құралдарымен операциялар жүргізуін ішкі саясатын өткізу мен сақталуын қадағалайды;

24) тәуелсіз аудиторлық ұйымдардың қорытындылары негізінде қоғамның есебі және есептілігі жүйесін жақсартуды жүргізеді.

25) қоғам туралы ішкі (жария етпейтін) ақпараттың қорғалуын және сақталуын қамтамасыз етеді;

26) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен, қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленген және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Қоғамның Жарғысымен белгіленген, директорлар кеңесі мен Басқарма төрағасының, жалғыз акционердің және директорлар кеңесінің, жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылмаган шешімдерімен белгіленген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

Басқарма жалғыз акционердің және салымшылардың (алушылардың) мүддесіне әрекет етеді, және өз қызметінде қоғамның жалғыз акционеріне және директорлар кеңесіне есеп береді. Басқарма қоғамның жалғыз акционері мен директорлар кеңесінің шешімдерін орындауга міндетті. Басқарма өзінің қызметінде кәсібиіліктің, адалдықтың, парасаттылықтың және сақтықтың ұстанымдарын басшылыққа алады.

Басқарма З (үш) адамнан кем емес мүшелер құрамынан, оның ішінде Басқарма төрағасы, Басқарма төрағасының орынбасарлары және Басқарманың басқа мүшелерінен тұрады.

Басқарма мүшесі тек Қоғамның директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма отырысы басқарма мүшелерінің кез келген бастамасы бойынша шақырылады. Басқарма отырысын өткізу үшін кворум басқарма мүшелерінің жалпы санынан 50 және одан да көп пайызын құрайды.

Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

Басқарма шешімі Басқарма мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады және Басқарма мүшелерінің отырысына қатысуышылардың барлығының қолы қойылған және дауысқа қойылған мәселелер және басқарманың әр мүшесінің күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары болуға тиіс хаттамамен ресімделеді.

61. Басқарма төрағасы:

- 1) Қоғамның жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды үйімдастырады;
- 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) қоғам қызметкерлерін (осы Занда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелесу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның басқарма және ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді, Қоғамның корпоративтік хатшысын қоспағанда, қоғам қызметкерлеріне берілетін енбекақы және сыйлықақы төлеу тәртібін, мөлшерін белгілейді;

5) басқарма мүшелерінің енбек шарттарына қол қояды;

6) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін ғана басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

7) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілдіктік саласын және жауапкершілікті бөледі;

8) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерге, сондай-ақ олардың өзгерістері мен толықтыруларына қол қояды;

9) Қоғам атынан шарттар (келісімдер, келісім-шарттар) жасасады;

10) Қоғам қызметінің барлық мәселелері бойынша бұйрықтар, өкімдер және нұсқаулар шығарады;

11) Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мерзімде Қоғамның даму жоспарын, және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте онын орындалғаны туралы есебін қарауға және бекітуге ұсынады.

12) директорлар кеңесі алдын ала бекіткеннен кейін жыл сайын жалғыз акционерге өткен жылдың жылдық қаржылық есептілігін оны қарау және бекіту үшін ұсынады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіппен және мерзімде үәкілдегі мемлекеттік органдарына қоғамның тиісті жоспарлары мен есептілігін ұсынады;

14) бекітілуі Қоғамның директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған, тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі құжаттарды Қоғамның директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынады;

15) Қоғамның директорлар кеңесінің бекіткен ішкі құжаттарына сәйкес ақпараттарды директорлар кеңесіне ұсынады;

16) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы құрес бойынша шаралар қабылдайды және заңмен белгіленген жауапкершілікке, осы міндеттерді орындағаны немесе тиесілі орындағаны үшін жауапты;

17) Қоғам органдарының тапсырмасы бойынша өзге де функцияларды орындаиды.

Басқарма төрағасы оның құзыретіне қатысты кез келген мәселені басқарманың қарауына шығаруға құқылы.

13-тaraу. Ішкі аудит қызметі

62. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау үшін Ішкі аудит қызметі құрылады.

63. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар кеңесінің және Басқарманың құрамына салына алмайды.

Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы есеп береді.

64. Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлері директорлар кеңесінің лауазымына тағайындала алады.

65. Ішкі аудит қызметі директорлар кеңесі белгілеген тәртіпте Директорлар кеңесіне Қоғам қызметі жөнінде жан-жақты ақпаратты, сонымен қатар толық көлемде және уақтылы негізде қажетті түсініктер мен түсіндүрілдерді береді.

66. Қоғам және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері арасындағы енбек қатынастары, олардың жұмыс істеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңымен, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

14-тaraу. Корпоративтік хатшы

67. Қоғамның органдары мен лауазымды тұлғаларының жалғыз акционердің құқықтары мен мүддесін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді сақтауын, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы заңнаманың ережелері мен нормаларын, Қоғамның жарғысының ережелері мен өзге де ішкі құжаттарын Қоғамның басшылыққа алуын қамтамасыз ету корпоративтік хатшыға жүктеледі.

68. Корпоративтік хатшы өз қызметі шегінде жалғыз акционер шешімдерінің жобаларын ресімдейді, Қоғамның директорлар кеңесі отырысының даярлығын және өтуін бақылайды, Қоғамның директорлар кеңесінің отырысына материалдарды жасайды, олардың пайдаланылуын бақылайды. Корпоративтік хатшы Жалғыз акционердің және директорлар кеңесі мүшелерінің дәл және айқын ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

69. Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесінің мүшесі не Қоғамның Басқармасы болып табылмайтын Қоғамның қызметкері болады.

70. Корпоративтік хатшыны Директорлар кеңесі тағайындауды және Директорлар кеңесіне есеп береді.

15-тарау. Қоғамның ақпаратты ашуы

71. Қоғам Жалғыз акционердің назарына Қоғамның қызметі туралы кез келген ақпаратты, оның ішінде Қоғамның корпоративтік оқиғалары туралы ақпаратты жазбаша түрде, сонымен қатар осындай ақпаратты Қоғамның корпоративтік веб-сайтына орналастыру жолымен жеткізуге міндетті.

72. Қоғамның корпоративтік оқиғаларына:

1) жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес ақпараты Жалғыз акционердің назарына жетуі тиіс мәселелер тізбесі бойынша қабылдаған шешімдері;

2) қоғамның акцияларды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына қоғам мұдделі мәмілелерді жасасуы;

4) қызметтің қандай да түрін жүзеге асыруға қоғамның лицензиялар алуы, қызметтің қандай да бір түрін жүзеге асыруға қоғамның бұрын алған лицензиялары қолданылуының тоқтатыла түрүү немесе тоқтатылуы;

5) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген жағдайларда, қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

6) қоғам мүлкіне тыйым салынуы;

7) қоғамның және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;

8) нәтижесінде баланстық құны қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

9) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

10) қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

11) Қоғамның Жарғысына, сондай-ақ қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес Жалғыз акционердің мұдделерін қозғайтын өзге де ақпарат жатады.

73. Қоғам Жалғыз акционердің назарына корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты туындаған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде жеткізуі тиіс, егер Қазақстан Республикасының заңымен өзге мерзім көзделмесе.

Жалғыз акционерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шакыруын) қоғам алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

Ақпарат жалғыз акционердің назарына [«http://www.gnpf.kz»](http://www.gnpf.kz) web-мекенжайы бойынша Қоғамның корпоративтік веб-сайтына орналастыру арқылы жеткізіледі.

74. Қоғам акционердің талабы бойынша Заңмен көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

75. Жалғыз акционер ақпаратты алу мақсатында Басқарма төрағасына жазбаша, сондай-ақ ауызша нысанда жүргінуге құқылды. Жалғыз акционер жазбаша жүргінген жағдайда, ол Қоғамның кіріс корреспонденцияны есепке алу журналында тіркелуі қажет. Қоғам акционерге талап етілген ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмесі) зейнетакы жинағының құпиясын сақтау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау кезінде сұратылған ақпараттың көлеміне байланысты жазбаша өтініш түсken күннен бастап он бес күнтізбелік

күннен аспайтын мерзімде беруі тиіс. Қосымша зерделеу мөн тексеруді талап ететін мәселелер бойынша қарау мерзімі бір айдан аспауы тиіс.

76. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамнан тиісті сұратуды алған сәттен бастап он күнтізбелік күн ішінде аффилиирленген тұлғалар туралы мәліметті береді, сонымен қатар Қоғамға аффилиирлену туындаған күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті қоғамға табыс етуге міндетті.

77. Қоғам Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерін үәкілдегі органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

Қоғам жылдық қаржылық есептілігін үәкілдегі орган белгілеген мерзімде бұқаралық ақпараттық құралдарында жыл сайын жариялада отырады.

78. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты қорғау мақсатында, Қоғамның ішкі құжаттарымен осындай ақпараттарды ұсынуға шектеу жүргізуі мүмкін.

Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты иеленуші қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуі қамтамасыз етеді.

16-тaraу. Қоғамды басқарудың ерекшеліктері

79. «Қазақстан Республикасында зейнетакымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметіне тиесілі, Қоғамның акциялар пакеті белгіленген заңнамалық тәртіппен мемлекеттік мүлік жөніндегі үәкілдегі органмен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сенімгерлік басқаруга беріледі.

17-тaraу. Қоғам қызметін қайта ұйымдастыру және тарату

80. Қоғам жалғыз акционердің шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

81. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын қоғам, коммерциялық ұйым болып қайта құрыла алмайды.

82. Қоғам қызметін тоқтату және қайта ұйымдастыру тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

18-тaraу. Қорытынды ережелер

83. Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

84. Егер осы Жарғының бір ережесі жарамсыз болған жағдайда, ол қалған ережелердің күшіне әсер етпейді.

85. Осы Жарғыга барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша ресімделеді, жалғыз акционер бекітеді, жалғыз акционердің үәкілдегі өкілдері қол қояды және Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарына тіркеу үшін ұсынылады және осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады.

86. Қоғам осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелерде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

87. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма төрайымы

Д. Медеушеева

УТВЕРЖДЕН

Приказом Комитета государственного

имущества и приватизации

Министерства финансов

Республики Казахстан



10.07.2013 года

**УСТАВ
АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ЕДИНЫЙ НАКОПИТЕЛЬНЫЙ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД»**

Республика Казахстан, город Алматы, 2013 год

Глава 1. Общие положения

1. Настоящий Устав акционерного общества «Единый накопительный пенсионный фонд» (далее - Общество) определяет его наименование, местонахождение, предмет и цели деятельности, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Полное наименование Общества:

на государственном языке: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы;
на русском языке: акционерное общество «Единый накопительный пенсионный фонд»;
на английском языке: «Integrated Accumulative Pension Fund» Joint Stock Company

3. Сокращенное наименование Общества:

на государственном языке: «БЖЗК» АҚ;
на русском языке: АО «ЕНПФ»;
на английском языке: «IAPF»JCS.

4. Местонахождение исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 050008, город Алматы, Бостандыкский район, улица Ауэзова, дом 82.

Глава 2. Юридический статус Общества

5. Общество является юридическим лицом, созданным в организационно-правовой форме акционерного общества, и осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан «О некоммерческих организациях», «Об акционерных обществах», «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан», а также иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан», настоящим Уставом, внутренними документами Общества, решениями органов и должностных лиц Общества, принятыми в установленном порядке в пределах их компетенции.

Вопросы, порядок урегулирования которых не определен настоящим Уставом, решениями органов и должностных лиц Общества, принятыми в установленном порядке в пределах их компетенции, подлежат решению в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

6. Общество является некоммерческой организацией (не имеющей в качестве основной цели извлечение дохода и не распределяющей полученный чистый доход между своими акционерами) и, соответственно не начисляет и не выплачивает дивиденды по своим акциям.

